



Ағзасында Қорғаныс Тапшылығының Қоздырғышы бар балаға төленетін әлеуметтік көмек туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 14-13951 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Іле ауданының Әділет басқармасында 2008 жылдың 24 қаңтарында N 2-10-69 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 11-2306 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Іле ауданы әкімдігінің 31.12.2013 № 11 - 2306 қаулысымен. Р Қ А О ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабының 1-тармақ 14-тармақшасын басшылыққа ала отырып Іле ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Іле ауданының қаржы бөлімі (Дүйшенбаева Лаззат Балиханқызы): 451007000 "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек" бағдарламасына сәйкес Ағзасында Қорғаныс Тапшылығының Қоздырғышы бар бала жасынан мүгедек Нағашыбек Дәулет Орынбасарұлына ай сайын төленетін төлемақы қаржысы қосымша тіркелген сметада көрсетілген 240000 (екі жүз қырық мың) теңге көлемінде Іле аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесінің есеп шотына әлеуметтік көмекке сұраныс жоспары бойынша дер кезінде бөлуді қамтамасыз етсін. (Қосымша)

Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы облысы Іле аудандық мәслихатының 2009.01.29 № 2-135; 2010.01.22 № 1-98 шешімдерімен.

2. Іле аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесі (Құматаев Нұрлан Орынбасарұлы):

- 1) бөлінген қаржыны мақсатты жұмсасын;
- 2) ай сайын төленетін қаржыны жанұяның жеке есеп-шотына жіберсін.
3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ерболат Сапарұлы Тұрымбетовке жүктелсін.

Аудан әкімі

Логутов Н.

